

**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «А» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы**  
IV апта (22-26 Ақпан 2021 ж.)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманшеева А.Ж

Тәрбиеші: Жумабекова М.Б

Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б.)	Дидактикалық ойын: Мозайка құрастыру. Мақсаты: баланың ойлау қабілетін жетілдіру.	д.о «Кім тез жинайды?» Мақсаты: Пішіндер мен түстерді айыра білуге, шапшаңдыққа баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу.	Сюжеттік рөлді ойындар Аспазшы Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Аспазша әр түрлі тағам түрлері туралы әңгімелейді.	Дидактикалық ойын: «Тез, ақырын», Мақсаты: балаларға тақпақтарды, жаңылтпаштарды тез және ақырын айтуға үйрету.	« Қателеспе» Мақсаты: Спорт түрлерін анықтауға және білімдерін бекітуге жаттықтыру. Спортпен шұғылдануға деген талабын арттыру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	<b>1. Сауат ашу</b> <b>1.Тақырыбы:</b> Аnamыздың әлди. Ә дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Ә дыбысымен таныстыру,Ә дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтірту <b>Дидактикалық ойын:</b> «Тізбек » <b>Мақсаты:</b> сөздің бірінші және соңғы дыбысын ажыратып үйрету. Психологиялық дайындық - Сәлеметсіздер ме балалар. Бүгінгі сауат ашу сабағы өзгеше өткелі отыр, оған себеп, бүгін бізге қонаққа ата - аналарымыз, апайлар келіп отыр. Солармен амандасып алайық. 1. Қайырлы таң досым Қайырлы күн болсын Жеті күннің әр кезі Сәттілікке толсын Біздің алар бағамыз, кілең бестік болсын!	<b>1. Математика негіздері:</b> <b>1. Тақырыбы:</b> Фермада. Заттың салмағын анықтаймын. <b>Мақсаты:</b> Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығы/ салмағы бойыншасалыстыру. Педагог бөлмеге үлкен рюкзакты алып кіреді және оны әрең көтеріп келе жатқандай ауыр қозғалады. Содан соң екінші кішкентай рюкзакты алып келеді. Оның жеңіл екенін байқатады. Содан соң балалардан сұрайды: «Бұл рюкзактар туралы не айтуға болады?»Педагог балалардың жауаптарын нақтылауға тырысады: үлкен рюкзак ауыр, ал екінші кішкентай рюкзак жеңіл. Сабақтың тақырыбын хабарлайды:Балалар, бүгін біз заттарды салмағына (массасына) қарай салыстырамыз. Біз оны анықтау үшін қолданылатын сөздермен (ауыр және жеңіл) танысамыз.Содан соң бөлмеден	<b>1.Сауат ашу.</b> <b>1. Тақырыбы:</b> Жұмбақ айта білеміз. Ж дыбысы мен әрпі Мақсаты: Жж дыбысы және оның әрпі таңбасымен таныстыру.«Ж»дыбысы бар сөз,сөйлем, ойлап табуына назар аудартып,сөздік қорларын дамыту. ; Тәрбиеленушілер өлеңді қимылмен, жақсы көңіл күймен 2-3 рет қайталайды. Өсті ақыл, ойларың, Өсті, міне, бойларың. Иіліп сәлем береміз, Әдепті боп өсеміз. Жақсы сөздер айтамыз, Үлкендерді сыйлаймыз. Педагог «Әліппе пойызы» деген бейнетаспадан Ж дыбысы жайлы бөлігін көрсетеді. – Фильм әріптер мен дыбыстар туралы. – Дұрыс. Біз енді ұйымдастырылған оқу қызметінде Ж дыбысымен	<b>1. Қоршаған ортамен танысу.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Барлық мамандықтар қажет» <b>Мақсаты:</b> Еңбектің маңызын және адам өміріндегі барлық мамандықтардың қажеттігін түсіндіру <b>Дидактикалық ойын:</b> «Кімге не қажет?» <b>Мақсаты:</b> Суретшінің қатесін таба отырып, ойлау қабілетін дамыту <b>Шаттық шеңбері</b> Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн келді. Қайырлы күн! Қайырлы таң! Күліп шықты күн бүгін. Біз бүгін мамандық иелері туралы әңгімелесеміз. Мектепке келгенде сендерді ең бірінші кім қарсы алды? (Мұғалім). Мұғалім туралы айтып беріңдерші. Кез келген адам мұғалім немесе инженер бола ала ма? Жок. Мұғалім болу үшін мұғалімнің оқуын, инженер болу үшін инженердің, аспаз болу үшін аспаздың оқуын оқу керек.	<b>1. Өзін-өзі тану:</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жақсы көруді үйренеміз» <b>Мақсаты:</b> жақсы қарым қатынаста болуға тәрбиелеу <b>Дидактикалық ойын:</b> «Жақсы-жаман» <b>Мақсаты:</b> үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу Жылулық шеңбері: «Арайлап таң атты, Қайырлы таң, балалар! Алтын шапақ таратты, Қайырлы таң, балалар! Әлемде нұр-тыныштық, Өрбір бейбіт күн ыстық!» Ата мен әже келеді. Балалармен амандасалы. Рахмет қарақарым өркендерің өссін деп ризашылықтарын білдіреді. Балалар біз үлкенді жақсы сыйлаймыз, қане атамыз бен әжемізді бір қуанып тастайық.

	<p>бестік болсын!  <b>Әже туралы жұмбақ:</b>  Ертегі айтып береді  Сені жақсы көреді  Мейірімді бұл кісі  Қандай ғажап күлкісі  «Әже» сөзінде бірінші қай дыбыс естіледі?  Ә - ә - ә - ә  Қалай айтылып тұр?  Ә ә - жіңішке дауысты дыбыс.  Әріп таңбасымен таныстыру.  Ә дыбысынан басталатын тағы қандай сөздерді білесіңдер?  Ойын «Кім шапшаң»  Мен сөздерді айтып тұрамын, ал сендер, сөз ішінде «Ә»дыбысын естіген бетте, алақаныңды шапалақта:  Әділет, адам, дәрі, доп, этеш, ине, сәби,  Дина, әже, сәбіз, дәрігер  <b>Өлең оқу.</b>  Әжем бесік тербетіп,  Әлди әнін салады.  Әй - әй сәби ер жетіп,  Әже еңбегі жанады.  Өлең кім туралы?  Әже - отбасы мүшесі,  ақылшымыз. (әңгіме )  Мақал – мәтел (үлкен кісі туралы, тәрбие..)  <b>Сергіту сәті</b>  Тақтада сөздер жазылып тұрады  Әже әсем сәнді ән әнші  Әке әдемі дәмді сән әтеш  Оқулықпен жұмыс  Мәтінді мұғалім оқып береді  2 - 3 жақсы оқитын бала оқиды  Мәтінмен жұмыс  Сұрақ – жауап</p>	<p>танысамыз. Содан соң бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуларын сұрайды. Сол арқылы балалардың салмақ туралы түсінік деңгейін анықтайды.- Суреттерді мұқият қарап шығындар. Кәне, бәріміз бірге онда бейнеленген оқиғаны суреттеп көрейік. Балалармен спорттың пайдасы мен үлкендерге көмектесу қажеттігі туралы шағын әңгіме-дүкен құруға болады. Кестеге ауыр және жеңіл заттарды жапсырындар. Сол жақтағы заттар қандай заттар? Неге? Оң жақта ше? <b>Сергіту минуты.</b> Ауыр рюкзак көтергендей, содан соң жеп-жеңіл рюкзакпен жүгіріп келе жатқандай қимылдар жасауға болады. Балалар, заттың салмағын қандай құралдың көмегімен салыстыруға болады? Кім біледі? (таرازы). Қарапайым таразымен таныстырады. Балаларға қарапайым таразының өзін немесе таразының суреті салынған плакатты (11-кесте) көрсетеді. Табақтың қайсысы төмен түседі? Ауыр зат тұрған жағы ма, әлде жеңіл жағы ма? Таразы арқылы қайсысы ауыр екенін анықтаңдар? Суреттерді көрсетеді немесе таразының табактарына жануарларды салады (түсінікті болу үшін бір-біріне салмағы қарама-қарсыларын салу қажет). 2-тапсырманы орындау барысында үлкен және кішкентай тәрелкелердің салмағын қолмен анықтауға болады. Бұл тапсырмада ыдыс-аяқтарды тостағандар мен тәрелкелер деп жіктеу қажет.</p>	<p>қызметінде Ж дыбысымен танысамыз.  <b>Әліппе-дәптермен жұмыс 1-тапсырма</b>  Тыңда.  Педагог балаларға қысқаша жұмбақ туралы мәтінді оқып, оның қызықты болатыны туралы айтып береді.  Жұмбақ – адамның алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылысты тұспалдап сипаттайтын шағын тақпақ.  Жұмбақ шешу өте қиында, қызықты. Балаларға жұмбақ шешу үшін, ойлану керектігін, жұмбақтың әр сөзінен ұқсастық жауапты табу керектігін түсіндіреді. <b>2-тапсырма.</b>  Суреттерге назар сала отырып, педагогтің оқыған жұмбақтарын балалар шешеді.  Жұмбақтардың шешулері: жұлдыз, көжек, жапырақ.  Жұмбақтың шешуі болған сөздерді дауыстап айтқызып, осы сөздерде кездесетін <b>Ж</b> дыбысын бірнеше рет қайталатады. <b>Ж</b> – ұяң дауыссыз дыбыс. «<b>Ж</b>» созылып, әндетіліп айтылмайды, ауыз қуысында кедергіге ұшырайды. Көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.  <b>3-тапсырма.</b> Суреттен <b>Ж</b> дыбысы бар сөздері іздеп табады. (Кемпіркөсақ, жапырақ).  – Кемпіркөсақтың түсі нешеу? (Балалар кемпіркөсақтың түсінің санын айтады).  Түстерін атай отырып, <b>Ж</b> дыбысы естілетін түсті табады (жасыл) <b>Ж</b> дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтірту.  Балалар әр баланың айтқан сөзін буынға бөледі, дыбыстық талдау жасайды. Мысалы: жаң-</p>	<p>керек.  – Мамандық алу үшін еңбектеніп оқу керек.  «<b>сөзді тап!</b>» <b>ойыны:</b> педагог өлең оқиды. Бірақ бір сөзді тастап кетеді. Оны тәрбиеленушілер табады:  Гүл өсірсең терлеп  Мұның аты – ... . (Балалар хормен «еңбек» деп айтады).  Кесте терсең зерлеп  Мұның аты – ... .  Көз алдыларына елестете аласыңдар ма: егер адамдар жұмысқа бармаса, онда не болады?  (Аспаз жұмысқа шықпаса, тамақ болмайды. Құрылысшы жұмысқа шықпаса, үй салынбай қалады. Мұғалім мектепке келмесе, ҰОҚ жүрмей қалады).  Мамандық дегеніміз – адамның еңбек қызметінің түрі. Мамандық таңдау да мектеп қабырғасынан басталады. Сондықтан бүгін өзіміз қалаған мамандық туралы өз ойымызды айтамыз.  Дәрігер – емдейді;  мұғалім – білім береді, тәрбиелейді;  техниканы программалаушы жұмысы компьютермен байланысты;  аспаз – ас пісіреді, тәрбиеші – тәрбие береді т.б <b>«Қай маман иесі екенін тап!» ойыны</b> .  <b>ойын шарты:</b> балалар карточканы алып, онда бейнеленген мамандық иелері туралы әңгімелеп береді.  Басқа да сұрақтар қоя отырып, мамандық иелері туралы ақпараттарды толықтыра отырып, кез келген мамандық иесіне құрметпен қарау керектегін түсіндіру <b>1-тапсырма.</b>  <b>Жұппен жұмыс.</b> Мамандықтарды ата. Қай мамандық маңызды?  Қорытынды жаса.  <b>2-тапсырма:</b> Жұмбақтарды шеш. <b>педагог тәрбиеленушілерге</b></p>	<p>тастайық.  Ата мен әже: Көп жасаңдар, өренім қандай әдепті, инабатты балаларсыңдар. Біздің сендерге арналған сәлем-сауқатымызбен бірге өздеріңе қоятын сұрақтарымызда бар еді, сендердің білімдеріңді тексере келгенбіз Балалар ата мен әженің сұрағына біз екі топқа бөлініп жауап берейік. (қоржын ішінде түрлі-түсті асықтар болады.  Балалар «Айым» және «Күнім» болып екі топқа бөлінеді.  I-асық сұрағы: Әдептілік имандылық туралы мақал-мәтел айту.  II- асық сұрағы: Жұмбақ шешу  Дәмді-дәмді тағамдарды жинайды  Қонақтарға көңілдене сыйлайды.  III-асық: Шешендік сөздер  IV-асық сұрағы Дастархан басындағы әдептілік.  V-асық сұрағы. Үлкендер алдында әдеп сақтау.  Сергіту сәті:  Тыым сөздер айту:  Ата мен әже:  Жарайсыңдар, балаларым!  Білімдеріңе риза болып отырмыз.  Тәрбиеші: Балалар, ата мен әжеге өзіміздің сыйымызды тарту етейік.  Балалармен камзол мен шапанды әшекейлеу. Ата мен әже балаларға риза болып «бауырсақ» ұсынады.</p>
--	---	--	---	--	---

<p>1. Әкенің анасы кім ( әже) 2. Шешенің анасын қалай айтамыз? ( нағашы әже) 3. Қандай әжені елдің анасы деп айтады? (ақылды ) «Адасқан сандар» ойыны</p> <p><b>2. Музыка.</b> <b>Тақырыбы:</b>«Қызықты жорық» <b>Мақсаты:</b> Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын)тембріне қарап ажырату \ <b>Тыңдау:</b> «Жол жыры». (Ш.Қалдаяқов, Т.Молдағалиев) <b>Ән айту.</b> «Жорық жыры» (Н.Тілендиев, М.Әлімбаев)</p> <p><b>3. Жаратылыстану:</b> <b>Тақырыбы:</b> Жарық қайдан шығады? <b>Мақсаты:</b> Жарық шашатын нысандарды атау: от, Күн, шам Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! (Қолдарын жайып, көкке көтереді) Армысың, абзал Адам! (Қолдарын алға созады) Армысың, менің досым! Педагог сандықша алады, сол арқылы сұрақ қояды. Сандықта не бар? Неге көрінбейді? Көру үшін не қажет? Сандықты аштық, ішіне жарық түсті, балалар ішінен қолшамын көреді.</p>	<p>Талқылайды: 2 зат дегенімізекі тәрелкені немесе бір тәрелке менбір тостаған дегенді білдіруі мүмкін.Сондықтан әр бала тапсырманы өз бетінше орындайды. Бұрын өткенді қайталау үшін 3-тапсырманы орындаймыз абақты қорытады. Қандай жаңа сөздер үйрендік? Салмақты қалай таптық? Қолға салып анықтадық. Көлемі бойынша:үлкен - ауыр, кішкентай - жеңіл болады</p> <p><b>2. Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> Көліктер және оның түрлері <b>Мақсаты:</b> Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжау. Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау. <b>Шаттық шеңбері.</b> Қай көше, қай қалаға барсаңыз да, Ақыл-ой өлшеміне салсаңыз да. Жол жүру ережесі заңды тәртіп, Ол ортақ үлкен-кіші баршамызға. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Кеудесінде жаны жоқ, Тамырында қаны жоқ. Су ішеді, май жейді, Бұларды не дейді? (<i>Көліктер</i>) <b>Көптілділік:</b> <i>жол – дорога – road, көлік – транспорт – transport</i> Педагог көлік және оның түрлерімен танысатынын және көліктердің түрлері көп екенін айтады. Соның ішінде адам таситын және арнайы қызмет көліктері болады. – Адам таситын көліктерді атап</p>	<p>ғақ. Ж дыбысы – ұяң дауыссыз дыбыс. Көк белгімен белгіленеді Сергіту сәті. Көп отырып, шаршадық, Қозғалуды аңсадық. Билегіміз келеді, Әдемилеп ән салып. Тік тұр, қолыңды соз, Оңға-солға бұрылыңыз. Шымыр болсын денеміз, Жаттығуды үйренеміз. Педагог балаларды орындарынан тұрғызып сергіту сәтіне шақырады. 4-тапсырма. Ж әрпімен танысайық. Сонымен қатар Ж әрпінің бейнесіне қарап, балалар өз ойларын айтады. 5-тапсырма Сурет бойынша әңгіме құрастырады. Педагог әңгімелеп беріп, сұрақ қояды. Жапырақтары жайылған шөптер мен гүлдер өсіп тұрады. Көбелек ұшып келеді. Шөптердің арасынан жылан жылжып барады. Балалар суреттегі көбелекті бояуға кіріседі. Жазу жолдарына Ж әрпінің баспа түрін жазады. Алдымен ауада жазып көрсетеді</p> <p><b>2. Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Көңілді жаттығулар (<b>негізгі қимылдар</b>) Секірудің әртүрлі түрлерін орындау,тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер. Балалар ең алдымен бой жазып алайық.Қозғалмалы бой жазу жаттығулары- Қолды жоғары ұстап аяқ ұшыменжүру.- Екі қол белде өкшеменжүру- Екі</p>	<p><b>жұмбақ жасырады.</b> <b>Жұмбақтардың шешуі:</b> мұғалім, дәрігер, тігінші, шегарашы, ғарышкер, полиция. <b>3-тапсырма:</b> Педагог Айсұлудан көмек сұрайды және суретте қандай мамандық иелері бейнеленгенін анықтап беруді сұрайды. Әр мамандық иелерін жұмысына қажетті құрал- жабдықпен сызық арқылы қосу. Айсұлудан көмек сұрайды: «Кімге не керек?» Жұмыс істеу үшін кімге не керек? Мұғалімге не керек? (Бор, кітап) <b>сергіту сәті:</b> – Саусағым, қайда болдың? Балалармен не істедім? – Бір баламен жүгірдім, Бір баламен биледім, Бір баламен қыдырдым Бір баламен ойнадым, Бір баламен секірдім, Достарымды жинаймын, Ойынды бастаймын! <b>4-тапсырма: «Кім боламын?» ойыны</b> «Кім боламын?» деген сұраққа жауап береді. «Дәрігер», «Дүкен» ойындары. Педагог тәрбиеленушілерді сюжетті-рөлге ойындарды өзара рөлдерге бөліп алып ойнатады.</p> <p><b>2. Жапсыру</b> <b>Тақырыбы:</b>Түскиіз жасаймыз. <b>Мақсаты:</b>Үлгіқалып/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыс пайдалану <b>Дидактикалық ойын:</b> «Айырмашылығын тап» <b>Мақсаты:</b> суреттердің айырмашылықтарын таба отырып, ойлау қабілеттерін дамыту Орнымыздан тұрайық,</p>	<p>Ата бата береді: «Ақылың ассын Біқыласын тассын. Достарын көп болсын, Дұшпандарын жоқ болсын Білімдерің асып тассын Әумин» Балалар бізге кім келді. Біз не үйрендік. Сендерге ұнады ма?</p> <p><b>2. Музыка.</b> <b>Тақырыбы:</b>«Қызықты жорық» <b>Мақсаты:</b> Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын)тембріне қарап ажырату \ <b>Тыңдау:</b> «Жол жыры». (Ш.Қалдаяқов, Т.Молдағалиев) <b>Ән айту.</b> «Жорық жыры» (Н.Тілендиев, М.Әлімбаев)</p> <p><b>3. Дене шынықтыру</b> Айналамыздағы әлем. (<b>негізгі қимылдар</b>) Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қара пайым дене жаттығуларымен алмастыру <b>Қимылды ойын:</b> «Өткелден өту» <b>Мақсаты:</b> жүру кезінде табанды дұрыс жаттықтыруБалалар зал ішінде «шашырай» жүгіріп жүреді. Педагогбелгі берген кезде барлығы бір шеңберге, екі шеңберге,</p>
---	--	---	---	---

<p>Балалардан біз сандықты ашпай ішіндегісін көру үшін не істеуіміз керек деп сұрауға болады (қолшамын жағып, сандыққа салу). Балалар сандыққа қолшамын жағып, сандықтан суреттер көреді. Енді сандықтың ішіндегі суреттер неге көрінетін болды? (Сандықтың іші жарық болды). Біз бүгін нені бақылаймыз? (Жарық) Бақылау тақырыбы анықталады – жарық. Мақсат. Кесте бағандары толтырылады Педагог жарықтың не екендігі туралы ойлануды ұсынады. Жарық туралы не білесіңдер? Таңертең негізгі жарық көзіне ерекше назар аударады. Балаларға жарықтың жасанды көздері туралы түсінік береді. Жарықтың жасанды және табиғи болатыны туралы қорытындылайды. Балалар табиғи және жасанды жарық көздерін атайды. Суреттерді топтарға таратып, «Жарық әртүрлі болады» безендіруді ұсыну. Балалар өз таңдауын түсіндіреді <b>сергіту сәті</b>. Балауыз бен қолшамның жарықтылығын салыстырады. Ақпарат көздерін атайды. Педагог ақпарат көзі ретінде тәжірибе өткізуді</p>	<p>беріндерші. – Ал арнайы қызмет көліктеріне нелер жатады? <b>Әліппе-дәптермен жұмыс: 1-тапсырма.</b> Сурет бойынша көлік түрлерін <b>Жаңылтпаш жаттау:</b> Иса мәшине жуса, Мұса да мәшине жуады. <b>Сергіту жаттығуы:</b> Музыка әуенімен мәшиненің рулін айналдырып билеу. <b>Дидактикалық ойын:</b> «Автосалон». Бір бала мәшине сатушы болады. Қалған балалар көлік сатып алушылар болады. Көлік сатып алушылар бір көлікті сипаттайды, ал көлік сатушы ол қандай көлік екенін тауып, оны алып береді. <b>Әліппе-дәптермен жұмыс: 2-тапсырма.</b> Жұмбақ шешейік. Төбесінде ебелек, Ұшады ол керемет. (<i>Тікұшақ</i>) Табанында жолы бар, Төбесінде қолы бар. (<i>Трамвай</i>) Арқасында ауыл жүр, Ала тайым шауып жүр. (<i>Автобус</i>) <b>3-тапсырма.</b> Суретті толықтырып сал. <b>4-тапсырма.</b> Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыр». Педагог сөйлемді толық айтпайды. Балалар түсіп қалған сөзді тауып, сөйлемді толықтырады. Мысалы: Егер жермен жүрсе бұл ... (<i>жер</i>) көлігі. Олар: КамАЗ, автобус, өрт сөндіргіш мәшине. Егер сумен жүрсе бұл ... (<i>су</i>)</p>	<p>қол белде аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.- Бір қалыпты деңіл жүгіру. Саптізбекте бағытты қалай сақтауды, саптізбектен шығып кетпеуді, өзінің орнын таба білуді көрсетеді. Жалпы дамытушылық жаттығуларды орындау үшін 3 қатарға бөлінуге нұсқау береді Таныс жаттығуларды атайды.. Жаттығуларды орындау тәсілдерін көрсетеді, көрнекті үлгісін береді. дұрыс жасауларын қадағалау. Жаттығуларды орындау тәсілдерін көрсетеді. Негізгі қимыл түрлерін орындауды ұсынады: • Допты жоғары қарай лақтыру және оны қос қолымен қағып алу <b>Жіптің астынан жанымен өту</b> (биіктігі 40 см). Қозғалмалы ойын <b>«Құстар мен мысықтар» Координациялық қабілеттілігін және жылдамдығын дамыту. Дайындық.</b> 4-6 диаметрлі шеңбер сызылады. Ойынды бастап жүргізетін ойыншы шеңбердің ортасында тұратын немесе отыратын «мысық» тағайындалады. Қалған ойыншылар «торғайлар» шеңбердің сыртында болады. <b>Ереже.</b> 1. «Мысық» «торғайларды» тек шеңберде ғана ұстауы мүмкін. 2. «Торғайлар» тек бірне екі аяқпен ғана секіреді. Кім шеңбер арқылы жүгіріп өтсе, ол ұсталған болып саналады да шеңбер ортасына «мысыққа» барады. 3. Ұсталған «торғай» болып саналады, егер «мысық» оны қолымен тисе, ол шеңберде бір аяқпен болған жайдайда да. Ойынды</p>	<p>Қолды белге қояйық. Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым, Жоғары, төмен қарайық, Орнымызды табайық. Педагог балаларға «Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері» фильмінен қысқа үзінді көрсетеді. Тәрбиеленушілердің алдағы іс-әрекеттері туралы болжамдарын тыңдайды Педагог балалардың назарын қазақтың тұскиізіне аударады. Тәрбиеленушілер оюға қарап, оюдың таныс элементтерін атайды. Педагог балаларға қазақ халқының ежелден жапсырманы қолданып келгенін, ақ киізге түрлі түсті тұскиізді тіккенін айтады. Түрлі түсті қағаздан өрнек қиып алып, тұскиізді безендіруді ұсынады. Педагог балаларды әртүрлі түстердің мәнімен және кілем жасаудағы түстердің үйлесімімен таныстырады: Сары түс – күнді білдіреді. Көк түс – су мен аспанды білдіреді. Қызыл мен қара – даналықты білдіреді. Қоңыр мен жасыл – жерді білдіреді. <b>саусақтарға арналған жаттығу.</b> Алақандар үстел үстінде, («бірекі» саусақтар бірге, саусақтар бөлек.) Алақан – жұдырық – қырынан қою, («бірекіүш».) Саусақтардың амандасуы («бірекі-үштөртбес» екі қолдың саусақтары қосылады: бас бармақ бас бармақпен, сұқ саусақ сұқ саусақпен және т.с.с.). Қояндар (сұқ және ортаңғы саусақты жоғары қарай көтеріп, басбармақ, төртінші және бесінші саусақтар біріктіріледі.) Қояндар тығылып қалды (жұдырық түйіледі). Ағаштар өсіп тұр (саусақтар</p>	<p>үш шеңберге жылдам барып тұра қалуы тиіс. Балаларға карточкадағы санға сәйкес шеңбер жасау ұсынылады. «Шашыраңқы» жүгіру кезінде жарақат алудан сақ болу және кеңістікті бөлу туралы балалардың есіне салады. Қолды отырғышқа таянып тұрып, денені жерден көтеріп, қолды бүгіп-жазу, аяқты бүкпей түзу ұстау. Алдынан және арттан таянып, денені көтеру. Аяқ пен қолды және ішті тепе-теңдікте ұстап, етпетінен тұрып таяну. Ішті тарту қажет. Шалқадан жату, денені тік ұстайды (жамбас жоғары көтерілуі тиіс). Алақан мен тізеге сүйене отырып, арқасына зат қойып төрттағандап еңбектеу. <b>«құмырсқалар»</b> Жөндеу үшін өз үйінің шатырын, Құмырсқа жүр шырпы іздеп ақырын. Жолдан өтті, жан-жағына қараса Талшық жатыр, болды міне тамаша! Қысып алып шырпыны алға сүйреді, Төмпешіктерді қиын екен демеді. Қиналса да, жетіп қалды үйіне Саған – шырпы, оған – томар секілді. Алақан мен тізеге сүйене отырып, арқасына зат қойып төрттағандап еңбектеу.</p>
--	---	---	---	--

	<p>ұсынады. Педагог майшаммен алыстан жарық түсіреді. Бөлмеге жарықтың жақсы түскенін анықтайды. Бөлмеге жарықтың дұрыс түскенін білу үшін жарықты арттырады. Екі нұсқаны да көру керек, қорытынды жасаймыз: Жарықтандыру көзіне байланысты: ол жақын және жарықты арттырса, онда жарық көбірек болады және керісінше.</p> <p><b>Әліппе-дәптермен жұмыс жасау</b> (түрлі тапсырмаларды орындау). 1-тапсырма. Табиғи және жасанды жарық көздерін салыстыру. 2-тапсырма. Табиғи жарық шығаратын жануарларды атайды: тасбақа, жарық қоңыз, мысық, теңіз ұлуы. 3-тапсырма. Жасанды жарық шашатын ойыншықтарды атайды</p> <p><b>4. 4. В.к. Ұлттық ойындар.</b> <b>Тақырыбы:</b> «Бестас». «Бестас» ойны әрі қарай бекіту. <b>Мақсаты:</b> Балаларда шапшандық қасиеттерін әрі қарай қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс жасау қаблеттеін арттыру.</p>	<p>көлігі. Олар: кеме, қайық, катер. Егер әуеде ұшса, бұл .. (әуе) көлігі. Олар: ұшақ, тікұшақ, зымыран. Педагог балалармен қоғамдық көлікте ережелерді сақтау туралы әңгімелеседі. Ережелерді балалармен бірге талқылау. Қоғамдық көлікке ешкімді итермей, асықпай кір. – Айналадағы адамдармен сыпайы сөйлес. – Көліктің ішін ластама, орындықты сызба. – Жолақысын уақытымен төле. – Үлкен кісілерге орын бер Педагог қорытынды жасайды. Балаларды марапаттайды.</p> <p><b>3. Сурет</b> <b>Тақырыбы:</b>« Менің отбасымның дәстүрі» (сюжетті) <b>Мақсаты:</b> Заттарды жерге, суға, аспанға қатыстылығы бойынша орналастырып, заттардың және зат бөлшектерінің пішінін, пропорцияларын, түсін есепке ала отырып, кеңістіктік арақатысын бейнелеу 1. Жылылық лебізі Армысың, алтын күнім! Жарқырап нұрын шашқан. Армысың, көк аспаным! Көгiңе самғап ұшсам. Армысың, жер-анам! Құшағын бізге ашқан. Армысындар, достарым! Әрқашан бірге жүріп, бірге ойнаған. Балалар тәрбиешімен бірге айнала тұрып, өлең жолдарын қимылмен көрсете отыра айтады.</p>	<p>аяқтау.Балаларды бірқатарға жинау. -Балалармен бірге ойнаған және жаттыққан қимыл қозғалыстарын еске түсіру.- Спорттық құрал-жабдықтарды жинауды ұсынады. Балаларға рахмет айтып қоштасу</p> <p><b>3. Көркем әдебиет:</b> <b>Тақырыбы:</b> Алтын сақа <b>Мақсаты:</b> Шағын өлеңдерді, фольклор жанрларын мәнерлеп жатқа айту. <b>Шаттық шеңбері.</b> Мынау сұлу әлемде Адам өмір сүреді. Үлкен менен кішіге, Күн сәулесін төгеді. Өткен сабақты қайталау Жаңа тақырыппен таныстыру. Дәптерде «Алтын сақа» ертегісінен үзінді және мазмұнына сай сюжетті сурет берілген. Ертегіні бөлім бойынша оқып, мазмұнының түсіндіреді. Балаларға түсінікті болу үшін, бұл ертегінің мазмұнын толық әңгімелеп беру. сергіту сәті Орнымыздан тұрайық, Құстай қанат қағайық. Бір отырып ,бір тұрып, Біз тынығып алайық. Сұрақ -жауап арқылы алған білімдеріне қорытынды жасалынады Бала қарлығашқа не дейді? Бала бұрын қарлығашқа қандай қамқорлық жасады? Қарлығаш балаға неге көмектесті? Хабарды естіген төбеттер не істеді? Жалмауыздан аман қалған балаға ата-анасы не жасады? Ертегіні рөлге бөліп, сахналау</p> <p><b>4. Мүсіндеу:</b> <b>Тақырыбы:</b> Сандықты аш,</p>	<p>тарбиып алақандарды өзіне қарай бұрып, қолдарын жоғары көтеру). Одан кейін қолдар төмен қарай түсіріледі (ағаштар жок). <b>Жұмыстың орындалу технологиясы.</b> Педагог тәрбиеленушілердің ұлттық ою-өрнектердің әр алуандығына қызығушылығын оятады. Тәрбиеленушілерге аппликациялық бейнелеуде оюдың пішінін, түсін назарға ала отырып, біркелкі орналастыруға көмектеседі. Педагог тікелей үйрету әдісін қолданады. Жұмыстың реті барлық орындау кезеңдері бейнеленген схемалар түрінде тақтада көрсетіледі. Симметрия және ырғақ заңдылығымен киюға және түрлі элементтерді біріктіруге (геометриялық, өсімдіктетес пішінді) баса назар аударады. Жұмысты бастамас бұрын бейне қандай болатынын, қандай түсті қағаз қажеттігін, оюды қандай тәсілмен кию керектігін ойластырып алуларын айтады. Оюдың үлгі қалыбын қиып алу қажет. Содан кейін түрлі түсті қағаздан әзірleme қиып алынады. Түрлі түсті қағаздан жасалған әзірleme екі бүктеп не қатпарлап бүктеп, парақтың бүгілген жеріне оюдың үлгіқалыбын қойып, жай қарындашпен бастырамыз. Ою қиып алынады. Негізгі бетке жапсырма бөлшектерін барынша дұрыс орналастырамыз. Педагог балалардың бөлшектерді бүлдірмей, дәл киюын қадағалайды. Кию сызығының бұдырсыз, анық болуын қадағалау қажет. Қиған кезде қағазды ойып алмауға тырысу қажет. Жапсырманың барлық бөлшектерін негізге кезектілікпен жапсырады. Педагог бір баланы оюды әзірлеу тәсілін көрсету үшін тақтаға шақыра алады, тәрбиеленушілер түсінігін</p>	<p><b>тура бағытта шеңбер домалату</b> Педагог: «Дайындалындар!» деп белгі берген кезде, балалар сол қолмен тірей отырып заттардың бағытына қарай шеңберді жерге қояды; оң қолды шеңберді ұруға дайын ұстап тұрады. Педагог: «Бір, екі, үш, домалат!» деген кезде, балалар шеңберлерді оң алақанымен соққылай отырып қойылған заттарға қарай домалатады. Шеңберді бірінші домалатып барған бала шеңберді басына көтеріп, өз тобына жүгіріп келеді де, шеңберді саптағы келесі балаға тапсырады. <b>«Иықтан жүк түсті» жаттығуы</b> «Сен қатты шаршап, денең ауырлап, жатқын келсе, бірақ әлі істейтін шаруаң бар болса, онда «иықтан жүкті түсір»». Аяқтың арасын алшақтатып тұрып, иықты төмен салбыратып тұр. Иықты артқа қарай керіп, қайта төмен түсір. Осыны бес-алты рет жасасаң, иықтан жүк түскендей бірден жеңілдеп қаласың».</p> <p><b>4.В.к. Ойнаймыз, ойлаймыз.</b> <b>Тақырыбы:</b> Ойын есептер <b>Мақсаты:</b> Оқушылардың ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру.</p>
--	---	--	---	---	---

		<p>Ұйымдастыру-іздігіру Тәрбиеші балалардың назарын теледидарға аударып, әңгімелеседі. -Мынау-отбасы мүшелері. -Мынау ана, ол үйде не істейді? -Ал мынау, әке, ол үйде не істейді? -Әкесі қайсы, көрсетші. Анасы қайсы? -Қане, көрсетші, кім киімді үтіктеді? Кім еденді сыпырды? -Отбасы мүшелерін атайықшы? -Қыз анасына кім болып келеді? (қызы) -Баласы анасына кім болады? (ұлы) -Ұл бала қыз балаға кім болып келеді? (ағасы). Тәрбиеші отбасы мүшелері туралы мағлұмат беріп, әңгімелейді. -Сендер өз жақындарыңа қалай көмектесесіңдер? -Ағасы мен інісі, әпкесі мен сіңлісі өзара ешқашан сөз таластырмайды. Ұрыспайды. Олар бір-бірін сыйлайды. -Балалар, әр отбасының өз салт-дәстүрлері болады. Кейбір отбасылар демалыс күндері барлығы қала сыртына серуенге баруды үрдіс етеді. Енді біреулері әр мерекені толық отбасы болып қарсы алады. Кейбіреулері балаларын әр демалыс сайын циркке, театрға, саябаққа апаруды үрдіс етеді. Балалар, сендердің отбастарыңда қандай салт-дәстүрлер бар екенін айтындаршы? Балалар өз жанұя мүшелері туралы қысқаша әңгіме құрастырады. «Мынау менің әкем. Ал мынау анам. Менің қасымдағы ағам. Бұл менің</p>	<p>білімнен шашу шаш. Сандықты безендір (ою өнері) <b>Мақсаты:</b> әлем халықтарының ұлттық ойыншықтары мысалында затқа қарап, елестетіп және ойдан құрастырып жапсырып мәнерленген образды сәндеу әдістерін пайдалану (рельеф, илеу, кескішпен ойып алу немесе қырып із салу) <b>Дидактикалық ойын:</b> «Ұқсастықты тап» <b>Мақсаты:</b> заттардың ұқсастығын таба білу Мүсінші Ермек ауылда тұратын ата мен әжеге қонаққа баруды ұсынады. Қазақ халқының баспанасы – киіз үймен, оның ішіндегі жиһаз жабдықтарымен таныстырады. Балалар әліппе-альбомдағы киіз үй жабдықтарымен танысады. Киіз үй қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне сай жабдықталған. Сандық ұлттық ою-өрнектермен нақышталған. Қазақтар ұзатылатын қыздың жасауына міндетті түрде сандық қосқан. Оның үстіне көрпеше, көрпешастық жиналады. Төсек-орынды қыздың жақын туыстары дайындайды. Сандықтың өзіне тән ерекшеліктерімен танысу (тікбұрышты, қақпағы бар, ұлттық ерекшеліктерге сай безендірілген). <b>Ойын-жаттығу:</b> «Мұқият бол». Қазақтың ұлттық нақышта жасалған сандықтарын қарап шығындар. Олардың бетіндегі ою-өрнектердің атауын атап беріңдер. <b>Ойын-жаттығу:</b> «Иә – жоқ».</p>	<p>бекітуі және жұмыс ретін қайталауы үшін сол баланың әрекеттерін нақтылап, түсіндіріп отырады. <b>қауіпсіз жұмыс жүргізу ережелері.</b> Сабақ шеңберінде педагог баланың ірі бөлшектерді қайшының кең ашылған ашаларымен, ал ұсақ бөлшектерді ұсақ, мұқият қимылдармен қиюға болатынын біле отырып, қайшы ұстаған қолының шынтағын алға қарай созбауын, екі қолының қимылдарын қадағалауын бақылайды</p> <p><b>3. Дене шынықтыру</b> Шанамен сырғанау. (Ауада) <b>(негізгі қимылдар)</b> Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Сапқа тұр!Түзел!Тік тұр!.Сәлемдесу! Оқушылардың киіміне, көңіл- күйіне назар аудару <b>Саптық жаттығулары:</b> а)Оңға ә)Солға б)Кері айналу Бір қатар саптан екі қатар сап құру. Бір қатар сапта тұрып үш қатар сап құрау. Бір қатар сапта тұрып жүріп келе жатып төрт қатар сап құрау. Орнында адымдап жүріп келіп екі қатар сап құру. <b>Жүгіру жаттығулары:</b> Спорттық адым және жеңіл жүгіріс ! Оң, сол қапталмен қиғаш жүгіру, артпен жүгіру. Қолды алға соза, тізені көтере жүгіру, қол жамбаста аяқты артқа, қол жанда жанға сермеу, қол белде алға сермеу, шапшаң жүгіру. <b>Тыныс алу жаттығулары:</b> Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен</p>	<p><b>2.Сергіту сәтін өткізу.</b> Көбелек те, гүл де бір Қызыл-жасыл күллі өңір. Аспан төрі ақша бұлт, Бау-бақшада барша жұрт. Саңқылдаған саз әні, Көлде құстың базары Дәптерде бейнеленген Қызыл кітапқа енген жануарлардың аттарын атайды. Қызыл кітапқа енген құстарды тапқыздырып, оларды бояту. Тәрбиешінің әңгімесін тыңдайды, сұрақтар қояды. Слайдтардан жойылу қаупі төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктерді көреді. Өлеңге қосылып, сергіту жаттығуын орындайды. Қызыл кітапқа енген жануарларды: арқар, барыс, қарақұрық,жабайы мысық, үкі, бүркіт, аққу және тырнаның суреттерін бояйды.</p>
--	--	--	---	--	---

		<p>отбасым. Мен отбасымды жақсы көремін...» Балалар,өздерінің отбастарында қандай салт-дәстүрлер бар екенін әңгімелейді.</p> <p><b>4. Орыс тілі:</b> <b>1.Тема:</b>Что интересного я узнал? <b>Цель:</b> внимательно слушать речь и правильно реагировать на нее (использование мимики и жестов, выполнение действий) <b>Организационный момент.</b> долгожданый дан звонок – Начинается урок. каждый день – всегда, везде, На занятиях, в игре, смело, четко говорим и тихонечко сидим. Запустим кораблик бумажный, Пускай он плывет далеко. урок у нас сегодня важный, добыть ведь знания нелегко! <b>задание №1. солнце, воздух и вода – наши лучшие друзья. Почему?</b> солнце, воздух и вода – Наши лучшие друзья. с ними будем мы дружить, чтоб здоровыми нам быть. Предлагает вспомнить, почему солнце, воздух и воду мы называем лучшими друзьями. Например: Мальчик купается. девочка загорает. Мы закаляемся. <b>задание №2. Расскажи про свой день.</b> чтоб здоровье сохранить, организм свой укрепить, Знает вся моя семья, должен быть режим у дня. Педагог предлагает рассмотреть картинки и рассказать, как проводите день.</p>	<p>Ермексазбен және пышақпен жұмыс істеу ережелерін талқылау, балалар ережелерді естеріне түсіріп, талқылап, түсіндіреді. <b>«Мүсіндеу алгоритмін балалармен бірге талқылау»</b> 1. Сандықтың негізгі бөлігін қатырғықағаздан қиып, жапсырып аламыз. 2. Ермексаздан кішкене кесіп алып, пластина жасаймыз. 3. Қапталын пышақпен кесіп, дайындаған қатырғықағазға жапсырамыз. 4. Қара түсті ермексаздан бірнеше ширатпа дайындап аламыз. Бұл безендіру үшін қажет. – Ширатпаны қандай тәсілмен дайындаймыз? 5. Сандықты баланың таңдауы бойынша ою-өрнектермен безендіреміз (мүйіз, ботагөз). 6. Құлып жасаймыз. <b>Саусақтарға арналған жаттығу: «Құлып».</b> <b>Ойын-жаттығу: «Ермексазбен достас».</b> Ермексазды жұмыс істеуге дайындау. <b>Өзіндік жұмыс.</b> Балаларға жеке көмек көрсету. <b>Шығармашылық минуты.</b> Өз жұмысыңды қалай безендіретініңді ойлан. <b>Ойын-жаттығу: «Сандықтың ішінде не бар?...»</b> <b>«Шебер қолдар»</b> Педагог балаларды жұмыстарды талқылап, бұйымдарға баға беруге шақырады</p>	<p>терең дем алып, еңкейіп дем шығару. Жаттығуды бір мезгілде жасауын қадағалау Сол жақ иықтан қарау Денені тік ұстау .Ара қашықтықты сақтау . Денені тік ұстау. Тыныс алуларын қадағалау Негізгі бөлім:Шанамен сырғанауды , шанамен сырғанау деп атайды.Шана тұзу жерде жүреді, ал еңіске келгенде сырғанамайды.. Шанамен сырғанау денені шынықтырады. Төбешіктен шанамен сырғанау.Балалар бір-бірін шанамен сүйрейді.. Шанамен төбешіктен алма кезек сырғанамайды. Ойынның барлық ережелерінің сақталуын қадағалау. Кл. сапқа тұрғызу. Сабақты қорытындылау. Үйге тапсырма беру. Сынып оқушыларымен қоштасу. Саппен ұйымдасқан түрде оқушыларды сыныпқа жіберу. Ерекшеленген оқушыларды бағалау</p> <p><b>4.В.к Логика әлемі.</b> <b>Тақырыбы:</b> 6 саны мен цифры. <b>Мақсаты:</b> 6 санымен және цифрымен таныстыру. <b>Сергіту сәті:</b> Орнымыздан тұрайық, Белімізді жазайық. Жоғары-төмен қарайық, Солға-солға түзу тұр. Оңға-оңға түзу тұр, Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым Бойымызға күш жинап, Біраз демді алайық. Пайдаң тиіп Отанға, Риза болсын халқымыз. Жақсы болсын алар бағамыз. Білімнен бақыт табамыз.</p>	
--	--	---	--	---	--

<p><b>Алақай ойын!</b> Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> Доп кімде? <b>Мақсаты :</b> шапшаңдыққа , ептілікке, ұқыптылыққа баулу. Топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p>	<p><b>Дид.қ ойын</b> «Нені қайдан алуға болады?» <b>Мақсаты:</b> Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту.</p>	<p><b>Дид.қ ойын:</b> «Ненің төлі жоқ?» <b>Мақсаты:</b> Үй жануарларын ажырата білуге, оларды төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу.</p>	<p><b>Сюжетті рольді ойын «Аурухана»</b> <b>Мақсаты:</b> Ақ халатты абзал жандардың қамқорлығын, мейірімділігін, кішіпейілдігін таныстыру. Балаларды мәнерлеп, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ұжымдық ойнауға тәрбиелеу.</p>	<p><b>«Сыңарын тап»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
<p><b>« Табиғатпен біргеміз»</b> Серуенге дайындық <b>Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру.</b> <b>Ойындар еңбек</b></p>	<p><b>Серуен № 4</b> <b>Бұлттарды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту; Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту</p>	<p><b>Серуен №5</b> <b>Ауладағы ағаштарды бақылау</b> <b>Мақсаты :</b> — ағаштар туралы білімдерін молайту; — ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру</p>	<p><b>Серуен № 6</b> <b>Маусымдық өзгерістерді бақылау</b> <b>Мақсаты::</b> Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру; Қыс аяғындағы табиғат көрністерін (су тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу. Өлең жолдарындағы қыс көрністері туралы бейнелеуді таба білу туралы білімдерін бекіту.</p>	<p><b>Серуен №7</b> <b>Терек ағашын бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың ағаштар туралы білімдерін молайту; Ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу.</p>	<p><b>Ақпан</b> <b>Серуен №8</b> <b>Күн мен түн неге ауысады?</b> <b>Мақсаты:</b> Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні, жыл мезгілдерінің ауысуына қарай күннің ұзаруын туралы түсінік беру.</p>
<p><b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b></p>	<p>Аянат, Аслан жеке тәжірибесінен әріптерді оқуға ,буынға бөлуге үйрету</p>	<p>Рахим, Айару тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең, жылдам, баяу ұғымдарын атайды, өзіне қатысты кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтай алуына жұмыс жасау</p>	<p>үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін, үй құстарын атайды;</p>	<p>орыс тілінде 10 көлеміндегі сандарды білу оларды тура және кері санау</p>	<p>Жазу жаттығулары</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы.</b></p>	<p>Өтілген дыбыстарға байланысты тақпақ, жаңылтпаштар қайталау</p>	<p>Ата-анамен сөйлесу, тақпақтарын ,сандарды қайталату, қадағалау.</p>	<p>Балаларының оқу іс -қызметіне көңіл бөлу керектігін айту.</p>	<p>Ата- аналармен сұхбат. «Тәні саудың- жаны сау»</p>	<p>Өлең, тақпақтар жаттау.</p>



